

С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИФВЕРСИТЕТІ



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

Халықты диспансерлеу

Орындаған : Туашева М С
Факультет : ҚДС 13-01-001
Тексерген : Айтманбетова А А

Жоспар

- Кіріспе
-

- Негізгі бөлім

I. Тұрғындарды диспансеризациялау

II. Диспансерлік әдіс

III. Диспансерлік бақылаудың мақсаты

IV. Диспансерлік топтар

- Қорытынды

- Әдебиеттер

Халықты диспансеризациялау

Халықты диспансеризациялау- бұл сырқатты тез табу, әсіресе сырқаттың жасырын өтуін және бастапқы көрінісін табу, қауіп-қатер факторы бар науқастарды табу, еліміздің тұрғындарын бүкіл өмір бойындағы денсаулығын әрдайым жүйелі дәрігерлік бақылау негізіндегі керекті емдік-сауықтыру шараларын дер кезінде өткізу жолымен, тұрғындардың денсаулығын сақтау және нығайту мақсатымен сырқатты алдын-алудың нақты әдісі.



Диспансерлік әдіс – бұл өмір ұзақтығын жоғарлату және еңбекке қабылеттілігін сақтау, қоғамдық еңбек өнімділігін арттыру мақсатында сырқат және дені сау адамдарды динамикалық дәрігерлік бақылау барысындағы алдын-алу және емдік шараларды тудыратын денсаулық сақтау мекемелерінің және бөлімдерінің жұмыс түрлерінің жиынтығы.



Тұрғындардың жыл сайынғы диспансерлік тексерілуі

Тұрғындардың жыл сайынғы диспансерлік тексерілуі –

тұрғындардың әртүрлі топтарының бір дәрігермен немесе бірнеше мамандармен, активті дәрігерлік тексерілу және сырқатты дер кезінде табу, әрі денсаулығын бағалау мақсатындағы лабораториялық-диагностикалық тексеруді өткізу, және де қажетті емдік- сауықтыру шараларын өткізу.

Диспансерлік бақылаудың мақсаты патологиялық жағдайларды ерте табу, олардың себебін анықтау; қоғамдық және жекелік алдын-алу шаралар жолымен сырқаттың ары қарай дамуы мен пайда болуын ескерту және сақтандыру; тұрғындарға дәрігерлік көмек сапасын үздіксіз жоғарылатуды қамтамасыз ету;

Сау тұрғындарды диспансерлеудің мақсаты – дұрыс физикалық және психикалық дамуды қамтамасыз ету, тұрғындардың денсаулығын жетілдіру және нығайту әрі сақтау. Сау адамдарды жыл сайын диспансерлік тексеру; қоғамды қажетті сырқаттар мен кең таралған сырқаттарды бірінші реттік алдын-алу; еңбек шарттарының қолайлылығын жақсартуға ат салысу; экологиялық ортаның сапасын жақсарту; ана-әйел өмір салтын жетілдіру (жоғарғы деңгейге көтеру) және олардың денсаулықтарын нығайту; тұрғындарды гигиеналық тәрбиелеу; ішімдік ішумен, шылым шегумен, стресс жағдайларымен және басқа да кері факторлармен күрес; рациональды тамақтануды ұйымдастыру; отбасылық диспансерлеуді дамыту;

Сырқаттарды диспансерлік бақылау мақсаты - қоғамдық және жеке-алдын-алу шаралар жолымен сырқаттың өршуінің алдын-алу; ауруханаға дейінгі және кейінгі емдеу кезінде жедел сырқатпен ауырғандар және созылмалы аурумен ауыратындар денсаулығының жағдайын үздіксіз жүйелі түрде динамикалық бақылау.

Диспансерлік бақылауға және дәрігерлік тексеріске алынатын халық бөлігі және қоғамдық-демографиялық топтары. балалар; жасөспірімдер (15-18 жастағы мектеп оқушылары, ПТУ оқушылары, орта білім орындары, жұмыскер жасөспірімдер); Ұлы Отан Соғысының ардагерлері және мүгедектері; Жауынгер-интернационалистер; Чернобыль АЭС жарылысында зардап шеккендер; Арал өңіріндегі тұрғындар; Семей полигоны өңірінің тұрғындары мен Семейдегі дүмпу жарылысында зардап шеккендер;

Жүкті және босанған әйелдер; Студенттер мен арнайы орта білім беру орындарының оқушылары; Қауып-қатер факторлары бар тұлғаларды және сау тұлғаларды, сырқат адамдарды диспансерлеу инструкциясы бойынша жұмысқа қабілетті жастағы тұрғындар; әр-дайым медициналық тексеріс кезінде қарапайым тұрғындар топтары.

Диспансерлік топтар.

- I. Д I – дені сау адамдар – ешқандай шағымы жоқ және олардың қарау кезінде созылмалы аурулары немесе бөлек органдары мен жүйелерінің қызметтерінің бұзылулары табылмаған адамдар, олардың ішінде «шекаралық» деп аталатын жағдайлары бар аурулары кіреді (яғни, қан қысымы көрсеткіштерінің және басқа да ағзаның қызметіне әсер етпейтін физиологиялық көрсеткіштердің азғана ауытқулары бар адамдар).

- Д II – дені сау адамдар – анамнезінде жедел немесе созылмалы аурулары бар, бірақ соңғы жылдарда бұл аурулар ешқандай өршулер бермеген;
- Д III – науқас – емді қажет ететін адамдар.

~~Созылмалы ауруы бар балалар диспансерлік есепке тұруымен қатар,~~
педиатр және арнайы маман дәрігер есебінде тұрады. Диспансерлік бақылаудың негізгі медициналық құжаты баланың даму тарихы (форма №112) болып саналады. Диспансерлік бақылауда тұратын балаларға ұйымдастырылған сауықтыру жұмыстарын жүргізу үшін бақылау картасын топтыналы. (форма №30)



Қорытынды

Адам барлық қиындықтардан сақтана алмайды, сондықтан да медициналық бақылау мен қызмет көрсету басымдықтардың ішінде алдыңғы орындарға ие. Көбінесе дер кезінде қойылған диагноз бен уақытында емделу өміріңді қорғап қалуы мүмкін, сондықтан да профилактикалық медициналық тексеруден өтуді жыл сайын ережеге айналдыру қажет. Медициналық тексеруден өту үшін Сізге тұрғылықты мекен жайыңыз бойынша немесе өз таңдауыңыз бойынша тіркелген емханаға баруыңыз қажет.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Интернет желісі www.google.kz
2. Терапиядағы мейірбеке ісі – Астана Фолиант 2007
3. Ішкі ағза ауруларының пропедевтикасы Б.Н.Айтбембет